

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Тамаша көңіл күй әлемінде!

ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.09.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/143696/

Ешпанова Улбосын

**Мақсаты:** Топта жағымды көңіл күй қалыптастыру.**Білімдік:** балаға өзінің көңіл күйін анықтап бағалай отырып өзгелердің көңіл күйіне назар аудара білуге үйрету; -«көңіл күй» ұғымын бекіту;**Датушылық:** өзінің көңіл күйін қалыпты ұстай білуге дағдыландыру;**Тәрбиелік:** өзіне және қоршаған ортаға позитивті қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу; -жағымды көңіл күй тудыру; -балалар ұжымын топтастыруға өзіндік үлес қосу.**Қажетті материалдар:** 7 түрлі түстен тұратын карточкалар, магнитофон, ән достық , домалақ жіп.

1. **Сәлемдесу**
2. **Кіріспе**
3. **Ойын** «Алуан түсті көңіл күй»
4. **Ойын** «Көңілді ән»
5. **Би терапиясы**
6. **Релаксация**
7. **«Жүректен-жүрекке»**

**Шаттық шеңбері** Қане, қане тұрайық, үлкен шеңбер құрайық.**1.Сәлемдесу.**

Бір күнгі танысыңа қырық күн сәлем дегендей біз бүгін бір – бірімізбен дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз.

1 нұсқа. Алақанымыздың ішін және сыртын тигізіп бір – бірімізге күлімсірей қарайық.

2 нұсқа. Бір-бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз.

3 нұсқа. Оң және сол жақ иықтарыңызды тигізіп сәлемдесу. Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңыздар?

**2.Кіріспе.** Біз өздеріңмен көңіл күйдің не екенін жақсы білеміз. Кей кезде қуансақ, кейде мұңайып қаламыз. Кейде ренжісек, кейде шаттанамыз, мұңданатын, қайғыратын да кездеріміз болады. Яғни біздің көңіл күйіміз үнемі өзгеріс үстінде болады. Ал бүгін біз өздеріңмен тамаша көңіл күй әлеміне аттанамыз.

### **3.Ойын** «Алуан түсті көңіл күй.»

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, ойынымыз басталды. Біз қазір өз көңіл күйіміздің түсін табамыз. Мен сендерге кішкене бір құпияны ашайын, балалар. Біздің көңіл күйіміздің өзіне тән түсі болады екен. Міне, менде түрлі түстен тұратын карточкалар бар.7 түстен тұратын көңіл күй түймедағы. Әр жапырақ –әр түрлі көңіл күй: Қызыл-сергек, белсенді көңіл күй-секіргіміз, жүгіреміз ойнағымыз келіп тұрады. Сары – көңілді көңіл күй: жан-жағымызға қуана қарап, шаттанғымыз келеді. Жасыл – көпшіл: барлық балалармен достасып, ойнағымыз келеді. Көк-сабырлы: тыныш ойнап, қызықты кітап тыңдап, терезеге қарап отырғымыз келеді. Сұр-іш пыстырарлық – немен айналысарыңды білмейсің. Қоңыр-ашулы көңіл күй: ренжіп, ашуланып тұрмын. Қара: -мұңды, маған ештеңе де қызық емес, көңіл күйім бұзылып тұр. Біз қазір мына домалақ жіпті шеңбер бойынша домалатып, әрқайсымыздың көңіл күйімізді білеміз, барлығымыз өз көңіл күйіміздің түсін айтып шығамыз. Мен бастаймын, сендер жалғастырасыңдар.

Рахмет, көпшілігіңнің көңіл күйлеріңнің көтеріңкі болғанына мен қуаныштымын. Ал көңіл күйлері орташаларға біз қазір өз көңіл күйлерін көтеруге көмектесеміз.

**4.Ойын** «Көңілді ән» Менің қолымда домалақ жіп тұр. Қазір мен жіпті қолыма іліп алып өзімнің оң жағымда тұрған көршіме жіпті өлең айта отырып ұсынамын : «Балнұр, сенің топта сенің болғаның қандай жақсы».... Ары қарай жалғастырамыз. Міне, жіп қайта айналып өзіме келді, бәрімізді біріктірді. Біздің достығымыз нығая түсті, көңіл күйіміз бұрынғыдан да көтерілді.

**5.Би терапиясы.** Ән әуені, әсіресе көңілді ән әруақытта біздің көңіл күйімізді көтереді. Қазір біз әннің куплеті айтылған кезде жұптасып тұра қаламыз да алақан соғыстырамыз. Ал қайырмасы айтылған кезде ұйымдасқан түрде шеңбер бойымен жүреміз (би ырғағымен) ән: «достық»

**6.Релаксация** (Әуен ойналып тұрады) Ыңғайланып отырыңдар. Денелеріңді бос ұстаңдар. Көзімізді жұмып, басмыздан сипаймыз да ішімізден «Мен өте жақсымын» деп айтамыз. Керемет , күн шұғыласын шашып шығып келеді. Біз тыныш қана тамаша көлдің жағасында отырмыз.Тыныс алуымыз жай ғана естіледі. Терең дем аламыз, шығарамыз. Күн шуақ шашып тұр. Біз өзімізді өте жақсы сезінудеміз. Күн шуағы денемізді қыздыруда. Таза ауа. Бүкіл денемізбен күн шуағын сезінудеміз. Біз керемет бақыттымыз,

тамаша дем алудамыз. Жайлап көзімізді ашамыз. Бір-бірімізге қарап жағымды жымиямыз. Біз керемет демалдық. Күні бойы бізде осылай тамаша көңіл күйқалыптасады.

**7.«Жүректен-жүрекке»** Балалар бәріміз қосылып өлең жолдарымен бір-бірімізге әдемі күлкімізді сыйлап амандық тілеп қоштасайық.

Кел балалар күлейік

Күлкіменен түлейік!

Қабақ түйген не керек?

Көңілді боп жүрейік

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.